– Примерно в ноябре, когда до конца года оставалось два-три месяца, на одном из совещаний аким области Ансар Мусаханов отметил, что при строительстве средней школы «Алтын ауыл» в городе Каскелене могут остаться неосвоенными 1 млрд 200 млн тенге, – продолжила разговор Галия Матановна. – Это грозило всем большими неприятностями. Его первым заместителем в тот период был Амандык Баталов. Сообща мы начали искать пути решения данной проблемы. В результате мне было поручено найти еще четыре объекта, к которым готовы документы, чтобы начать проводить на них строительные работы. Расчет был такой: если в 2011 году мы начнем строительство объектов, то в 2012 году государство выделит недостающие денежные средства, чтобы завершить начатое. Первым на ум пришло то, что еще в бытность акима Ново-Чемолганского сельского округа на станции Шамалган, в районе новостроек, я оставляла три гектара земли для того, чтобы в будущем построить там школу. Вторым объектом стало старое, тесное здание школы в селе Кошмамбет, где занятия проходили в три смены. К ней прилегал участок земли. Мы взяли его у хозяина, а взамен предложили ему другой участок. Третьим объектом стала школа в моем родном селе Акши Енбекшиказахского района. Она была настолько переполненной, что пришлось отдать ей здание детского сада. В этом же селе лет двадцать назад начали строительство двухэтажного типового здания под школу, но потом остановили, так как на то время село Акши считалось неперспективным. Было решено возобновить строительство. К слову сказать, по его окончании школу перевели в новое здание. Вместе с тем по программе «Балапан» было отремонтировано здание бывшего детского сада. И, наконец, четвертой стала такая же школа в Уйгурском районе. В результате этим четырем объектам было выделено 800 млн тенге – по 200 млн каждому, а оставшиеся 400 млн должны были быть освоены при строительстве самой школы «Алтын ауыл». Так и нашли выход из сложившегося положения.

С 2014 года на протяжении одного года и трех месяцев Галия Матановна руководила работой Илийского районного филиала партии «Нур Отан». В тот период очень остро стоял вопрос сбора партийных взносов. Проведя соответствующую работу с акимами сельских округов, ей удалось его решить.

В 2016 году Галия Матановна вернулась в Карасайский район на должность заместителя акима района, а с начала 2019 года и по сей день трудится председателем Карасайской районной территориальной избирательной комиссии. Вот такой богатый послужной список!

Где бы она ни работала, какую бы должность не занимала, её всегда отличали высокая ответственность, добросовестное выполнение своих обязанностей, порядочность, уважительное отношение к людям.

– Есть такое выражение, что если ты аким, то будь ближе к народу, – поделилась своими размышлениями Галия Матановна. – И в нем главная суть того, каким должен быть аким. Нельзя превозносить себя над другими людьми. Нужно быть для них доступным, а еще знать их нужды и надежды, стараться помочь, поддержать, оправдать их веру в тебя. Да и любой государственный служащий – это мост между государством и народом. Об этом всегда нужно помнить.

### Память сердца

Что касается её супруга, то после работы в школе Берик Жумаханович трудился на государственной службе – заведовал общим отделом Куртинского районного акимата, а затем посвятил себя сфере профессионально-технического образования Карасайского района.

– На протяжении 17 лет Берик возглавлял многопрофильный колледж профессионального обучения в селе Шамалган, – рассказывает Галия Матановна. – Когда меня назначили на должность руководителя областного управления образования, встал вопрос о том, чтобы Берик либо остался в этом же колледже, но в должности заместителя директора, либо ушел на другую работу. Он решил выбрать первый вариант. Хочу отметить, что в нем всегда было столько мужества, столько благородства. Мне его очень не хватает. Хочу также сказать, что папу Берика звали Жумахан, маму – Куляш. Жизнь его отца оборвалась очень рано, когда Берик учился в девятом классе, а мамы – в 76 лет. Благословил их Всевышний тремя сыновьями – Сериком, Бериком, Ериком и дочерью Гульмирой. Так уж сложилось, что всех троих сыновей уже нет на этом свете. Серик умер в 53 года, жизнь Берика оборвалась 23 октября 2018 года – в 58 лет, а Ерик ушел из жизни еще в 18-летнем возрасте. Светлая им память.

На своей страничке в Инстаграме Мадина – дочь Берика Жумахановича и Галии Матановны написала: «Если мама своим примером показала, как создать дома уют и тепло, работая на руководящей должности, иметь много друзей плюс выглядеть на все 100, то папа в силу профессии и своего характера указал нам на важность постоянного самообразования и роста, научил нас справедливости, порядочности, честности, пунктуальности, аккуратности и самодисциплине, будучи при этом очень скромным и добрым человеком... Хочу, чтобы мои дети читали этот пост, когда подрастут, и гордились им так же, как и я. Не только в день отца».

К слову сказать, как подметила Мадина, мама всегда выглядела на все 100. По словам Галии Матановны, к этому её обязывало положение в обществе, то, что она тесно работала с людьми, проводила церемонии бракосочетаний, фотографировалась с молодыми парами, организовывавшими торжество или же приходившими регистрировать свои отношения в будние дни. С её слов, в том, чтобы следить за собой и хорошо выглядеть, выражается её уважение и к себе самой, и к окружающим.

### Награды за труд и самое главное богатство

В 2000 году Галия Матановна получила второе высшее образование. Окончив Центрально-Азиатский университет, она стала дипломированным юристом, что пригодилось в её дальнейшей деятельности.

Что же касается работы в сфере образования, то ею была написана книга «Халықтық педагогика – даналық мектебі». Сама же она как личность вошла в книгу «Қазақстанның Алтын кітабы». Вот такие важные фрагменты её биографии.

Более чем сорокалетний труд Галии Матановны в разных сферах жизнедеятельности Алматинской области был отмечен многочисленными наградами. Особо дорог для неё орден «Құрмет», врученный к 30-летию Независимости Республики Казахстан. В 2019 году ей было присвоено звание «Почетный гражданин Карасайского района». Другие награды – медаль «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері», юбилейные медали в честь 20-летия и 25-летия Независимости РК, Конституции РК, в честь 20-летия Астаны.

Самое главное богатство Галии Матановны – двое детей и пятеро внуков. Их с Бериком Жумахановичем первенцем стала дочь Мадина. После окончания средней школы имени Ы. Алтынсарина, что на станции Шамалган, она поступила в КазНУ имени аль-Фараби, на географический факультет. А вот степень магистра получала уже в стенах Жетысуского университета имени И. Жансугурова, где училась на факультете государственного и местного самоуправления. В настоящее время она работает в городе Талдыкоргане заместителем директора НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан».

Сын Мади, получая образование, прошел такие ступени, как Алматинский экономический колледж, университет имени Турара Рыскулова, а также окончил юридический факультет АГУ. В настоящее время он работает прокурором в прокуратуре Алматинской области.

Дочь Мадина и зять Баглан подарили Галие Матановне и Берику Жумахановичу внуков Данияла и Даригу, а сын Мади и сноха Айгерим – Сафию, Санжара, Саяна. Весь смысл жизни героини нашего очерка заключается в том, чтобы её драгоценные потомки были живы и здоровы, чтобы у них всё было хорошо.

Галия Матановна считает себя счастливым человеком, потому что смогла прожить достойную жизнь, принести пользу обществу и государству. Единственная её боль души связана с ранним уходом из жизни супруга Берика. Но радует то, что она продолжает жить в окружении детей и внуков, пользуется почетом и уважением на той земле, которой посвятила свою жизнь.

**Полосу подготовила Танзиля МУХТАРОВА.**

ҰЛТ МЕРЕКЕСІ

# Тарих таңбалаған назардағы нысандар

25 қазан – егемендi елдiң негiзi қаланған қастерлi де, қадiрлi тарихи күн. Өйткенi осыдан дәл 35 жыл бұрын «Мемлекеттiк егемендiк туралы декларация» қабылданды. Аталған маңызды құжат Қазақстанның тәуелсiздiк алуына жол ашты.

Осынау тарихи сәттен кейiн республикамыз өз тағдырын өзi шешетiн азат елге айналды. Сондықтан ұлтты ұлықтайтын ұлық мерекенiң ел тарихында алар орны айрықша.

Бұл декларация мемлекетiмiздiң iшкi және сыртқы саясатын еркiн жүргiзу, ресурстарға иелiк ету сияқты маңызды қадамдарды құқықтық тұрғыдан бекiтiп беру болып табылады. Әр саладағы даму бағытын айқындап, құқықтық жүйенiң қалыптасуына ықпал болды.

Сондай-ақ декларацияның мазмұны тереңде жатыр. Онда республиканың мемлекеттiлiгi дербес дамытуға және нығайтуға деген құлшынысы айқын сипатталады.

Мiне, осы сәттен бастап егемендi елiмiз тәуелсiз жолында алпауыт мемлекеттермен иық тiрестiндей дәрежеге жетiп, экономикасын арттырып, өрiсi биiк республикаға айналды. Әр аймақта өсiп-өркендеудiң көрiнiсi байқалып, тарих сыр шертетiндей бастамалар қолға алынды. Жұмыстар жүйелi жүргiзiлiп, облыстар мен аудандарда сәулетi мен сәнi жарасқан ғимараттар бой көтерiп, ел игiлiгi үшiн қызмет ете бастады. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, қасиеттi Қарасай жерi де көштен қалмады. 35 жылдың iшiнде аудан көлемiнде маңызды iстер iлгерiлеп, назарға iлiнетiндей түрлi нысандар еңсесiн тiктедi. Ендеше, Республика күнiне орай солардың бiразына қысқаша тоқталып, дерек пен дәйек толысқан ақпаратын жеткiзсек артық болмас.




## «Хамле Компани ЛТД» ЖШС

Аудан орталығы Қаскелең қаласында орналасқан «Хамле Компани ЛТД» ЖШС – тәуелсiздiк алған жылдары елiмiздегi түрiк инвесторларының қаражатына салынған алғашқы өндiрiстердiң бiрi.

Компания 30 жылға жуық кәмпит, бисквитт тәттiлер секiлдi түрлi кондитерлiк өнiмдер шығарумен айналысып келедi. Соның арқасында бүгiнде экспортқа бағытталған, жүйе құраушы және әлеуметтiк-экономиканың дамуына үлкен үлес қосып отырған алпауыт кәсiпорындардың бiрi болып табылады.

Жобалық күнi 8 млрд. теңге болған өндiрiс орнының қуаттылығы жылына 60 мың тонна дайын өнiмдi шығаруға бағытталған. Алғаш ашылғанда көптеген қарасайлықтарды жұмыспен қамтыған. Бүгiнгi таңда мұнда 1000-ға жуық адам еңбек етедi.

Жылдан-жылға жұмысын жетiлдiрiп, дамытып отырған компания бүгiнде тек өркендеу үстiнде. Соның арқасында қазiргi уақытта мұнда «Хамле», «Ulker», «McVitie's Digestivies», «Alpella» сауда белгiсiмен 103 түрлi кондитерлiк ұн және шоколад өнiмдерi шығарылуда. Тауарлары Қазақстанның тұтынушыларына ғана емес, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзiрбайжан, Грузия, Беларусь, Тәжiкстан, Моңғолия, Қытай сияқты елдерге де жеткiзiлуде.

Таяуда әртүрлi елдегi «Pladis» компаниялар тобына кiретiн заңды тұлғаларды бiр атаумен бiрiктiру жөнiндегi жаһандық бастама аясында «Хамле Компании ЛТД» ЖШС өзiнiң заңды атауын «Pladis Kazakhstan» ЖШС етiп өзгерттi.



Кәсiпорын басшылығының айтуынша, компанияның Қазақстандағы атауының өзгеруi оның тарихындағы маңызды кезең және жаңа мүмкiндiктердiң бастауы.

Атауы өзгергенiмен, негiзгi жұмыс бағыты сол қалпында қалды. Ол бұрынғыдай Қазақстан дүкендерiнiң сөрелерiн және де бiрқатар шет мемлекеттердiң кондитерлiк тәттi өнiмдермен қамтамасыз ету бағытында жұмыс iстей бередi.

Айта кетейiк, «Pladis» бүгiнде 300 жылдан астам бiрiктiрiлген тарихы бар наубайхана мен кондитерлiк өнiмдерiнiң мақтан тұтатын мұрасын жалғастыруда. Оған қарасты 27 кондитерлiк фабрикада бүкiл әлем бойынша 16 000 адам жұмыс iстейдi. Әлемдегi ең жылдам дамып келе жатқан кондитерлiк компания қазiргi уақытта McVitie's, GODIVA, Ülker және т.б. танымал брендтермен мақтана алады.

## «Алтын ауыл» ықшам ауданы

Қаскелең қаласындағы көпқабатты «Алтын ауыл» ықшам ауданы қайта құру жылдарындағы аудандағы тұрғын үй құрылысының алғашқы белгiсi болды.

Ауқымды жоба жүзеге асырылған жер телiмi елiмiздiң «Құрметтi құрылысшысы» атанған, ауданымыздағы көптеген маңызды нысандардың қалануына себепшi болған Сансызбай Айтбаевтың әкесiне тиесiлi болған. Ал ол өз кезегiнде бұл жерлердi «Ленин» совхозындағы көп жылдық еңбегi үшiн алған.

Кейiннен әкесiнен қалған жерге Сансызбай Айтбайұлы көпқабатты тұрғын үйлер мен саяжайлары бар шағын аудан салуды ұйғарады. Тiптi, сол жылдары iс-сапармен облысқа келген Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа болашақ шағын ауданның егжей-тегжейлi жоспары мен үлгiсiн көрсетедi. Нәтижесiнде ол бұл бастаманы мақұлдайды.

Ауқымды нысанның жобасын алматылық сәулетшi Галина Лебедева жасайды. Сондай-ақ жаңа ықшам ауданына «Алтын ауыл» атауын берудiде сол ұсынған. Лебедеваға сәулетшi Еркен Жазықбаев көмек көрсетедi. Жобаның бас инженерi болып Юрий Ковтуненко бекiтiледi.

Сол жылдары жаңа ықшам ауданның құрылыс жұмыстарын өз көзiмен көрiп қана қоймай, құрылысшылардың үстiнен қарайтын бригадир болған Павел Колчинның айтуынша, жұмысты бастау бастапқы уақытта қиын болған. Кейбiр кездерi құрылыс тоқтатылған сәттер болған, қажеттi мамандар жетiспеген. Десе де жобаны бастағандар ешнәрсеге қарамастан, оны аяғына дейiн жеткiзудi шешедi.



Нәтижесiнде жоба сәттi жүзеге асырылып, тоғыз қабатты 22 көппәтерлi «шағын аудан» және 106 екi қабатты жер үйлерi бар «коттедж қалашығы» тұрғызылды. Уақыт өте келе оның аумағында балабақша, мектеп, университет пайда болды.

Ал қазiргi таңда «Алтын ауыл» ықшам ауданы ауданның келбетiн келтiрiп тұрған нысанның бiрi болып табылады.

## SDU University

SDU университетi – Қаскелең қаласында орналасқан Алматы облысындағы жалғыз жекеменшiк жоғары оқу орны. Университет 1996 жылдың 17 желтоқсанында ҚР Тұңғыш Президентi Н.Ә.Назарбаев пен Түркия мемлекетiнiң тоғызыншы Президентi С.Демирельдiң қатысуымен ашылды. Оған 1996 жылы Сулейман Демирель университетi атауы берiлдi.

Ал 2011 жылы оқу ордасы Қарасай ауданының орталығы – Қаскелең қаласындағы жаңа смарт кампусына көштi. 2023 жылы ребрендинг нәтижесiнде SDU University мекемесi болып өзгердi. Келесi жылы 30 жылдық мерейтойы атап өтiлмек.

Университет шаңырағында бүгiнгi таңда 9000-ға жуық студент оқиды. Олардың арасында Орталық Азия, Қытай, Ресей, Моңғолия, Индонезия секiлдi мемлекеттердiң азаматтары бар. Студенттер қауымы педагогика және гуманитарлық ғылымдар (FEH), инженерлiк және жаратылыстану ғылымдары (FENS), құқық және әлеуметтiк ғылымдар (FLSS) факультеттерiнде және SDU Бизнес мектебiнде (BS) бiлiм алады.

Сонымен қатар мультидисциплинарлық бiлiм беру орталығы (MDE) барлық факультеттердiң бағдарламалары аясында мiндеттi пәндердi жүргiзедi. Үздiксiз бiлiм беру орталығы Extension School педагогикалық қайта даярлау бағдарламалары, бiлiктiлiктi арттыру курстары, Summer school, Winter school. Foundation бағдарламасы бiлiмгерлердi ағылшын тiлiнде бiлiм алуға бейiмдейдi.

Бүгiнгi таңда оқу ордасында 456 оқытушы жұмыс iстейдi. Олар толық жұмыс



күнi режимiнде қызмет атқарады. Оның iшiнде 21 оқытушы – шетелдiк мамандар, 131 оқытушы – PhD дәрежесiне ие.

SDU University 15 га жерде орналасқан. Оның iшiнде кампус – 69 584 ш.м, 624 орны бар кiтапхана – 2012 ш.м, 1120 студентке арналған жатақхана – 19 560 ш.м, сондай-ақ спорт және мәдениет орталығы (SDU Life ғимараты) – 4 370 ш.м аумақты қамтиды.

Университеттiң халықаралық жетiстiктерiне тоқталар болсақ, рейтингтер тiзiмi бойынша төмендегiдей:

QS Орталық Азия университеттерi рейтингi 2025 – 29 орын;

QS Азия университеттер рейтингi 2025 – 461-470 орын;

QS WUR пәндiк рейтингi (ағылшын тiлi және әдебиетi) – 301-330 орын;

QS World University Rankings 2025: SDU Университетi – 1201-1400 орын;

THE Impact Rankings 2024: SDU Университетi – 1101-1500 орын.

## Наурызбай батыр ескерткiшi

Қарасай жерiндегi танымал, көзге тартар орынның бiрi – Шапырашты Наурызбай батыр ескерткiшi. Даңқты батырдың тас мүсiнi 2006 жылы 16 қыркүйекте даңқты тұлғаның 300 жылдық мерейтойына орай Алматы облысы әкiмдiгiнiң қолдауымен ашылды. Бұл салтанатты шараға мыңнан астам адам жиналды.

«Алматы-Бiшкек» тас жолы бойында, Қаскелең қаласы тұсында алыстан мен мұңдалап, ерлiк пен өрлiкке, бiрлiк пен берекеге шақырып тұрған алып ескерткiштiң ашылуына Қазақстанның Тұңғыш Президентi Нұрсұлтан Әбiшұлы Назарбаев арнайы қатысты.

Ескерткiш жобасының авторлары – Қ. Жарылқапов, мүсiншi Н. Далбай, тас кесу жұмыстарына жауапты – В. Черепанов болды.

Даңқты тұлғаның тұғыр басы бұл жерден бой көтеруi де тегiн емес-тi. Тарихи деректерге сүйенсек, Наурызбай батырдың ең алғашқы жоңғарлармен шайқасы болып, өзiнiң өршiл рухын көрсеткен жер де осы маңайда екен. Батырдың жол бойында ерекше көзге түсетiн биiктiкте орналасуының да өзiндiк мәнi бар. Сонымен қатар ескерткiш мемлекеттiк тiзiмге енiп, қорғауға алынған.

Айта кетейiк, бүгiнгi таңда Наурызбай батыр ескерткiшiнiң аумағын абаттандыру жұмыстары қолға алынуда. Ол үшiн жобалау-сметалық құжаттамасы әзiрленiп, облыстық бюджеттiк комиссияның қарауына құрылыс жұмыстарына қажеттi 1 млрд. 090 млн. теңгеге бюджеттiк өтiнiм берiлдi.

Тарихқа сүйенiп айтар болсақ, Абылай ханның тұсында ханның бас әскерлерiнiң қатарында болып, қай шайқаста болсын елi үшiн жанын



қиюға дайын болған батырлар аз болмады. Соның бiрегейi – Наурызбай батыр Құтпанбетұлы.

Қазiргi Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Жалпақтас деген жерiнде туған, Ұлы жүз Шапырашты тайпасының Төлемiс руынан шыққан, Абылай ханның ту ұстаушы үш батырының (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай) бiрi, қолбасшы, атақты батыр. Өмiрi жоңғарларға қарсы соғыста өткен Наурызбай батыр жоңғар басқыншыларына қарсы кескiлескен шайқастарда аты шыққан.

Ең алғашқы ерлiгi жоңғарлармен 1729 жылы Жетiсу жерiнде болған жекпе-жек соғыста қалмақтың бас батыры, алдымен Қаскелеңдi, одан кейiн Боралдай мен Шамалханды өлтiруiнен көрiнген. Осындай ерлiгiмен көзге түскен батырдың бүкiл өмiрi ат үстiнде, ел тыныштығын сақтау жолында өткен.

## Қарасай клиникалық көпбейiндi орталық аудандық ауруханасына қарасты перзентхана

Аудандық орталық аурухананың аумағында орналасқан перзентхананың ғимараты ескiрiп, жыл өткен сайын өсiп келе жатқан адам санына лайықты болмағандықтан, жаңа нысанның құрылысы жүргiзiле басталған едi. Сол жұмыстардың нәтижесiнде 2013 жылы ауданда 65 төсекке есептелген жаңа перзентхана қолданысқа берiлдi. Бүгiнде ол ауыр жағдайдағы жүктi әйелдi қабылдай алатын үшiншi дәрежелi мекеме болып табылады. Айта кетерлiгi, қазiргi уақытта Алматы облысы бойынша мұндай дәрежедегi екi перзентхана ғана бар.

Алғаш ашылғанда аталған мекеменiң қауқары жылына 3,5 мың әйелдi қабылдауға есептелген едi. Алайда жыл сайын артып келе жатқан халық санына байланысты екi еселенiп, қазiр мұнда 7,5 мыңнан астам нәресте дүниеге келедi.

Үшiншi деңгейлi болғандықтан перзентханада Қарасайдан бөлек, Жалбыл, Iле, Қонаев қаласынан патологиясы бар жүктi әйелдер де қабылданады.

Үлкен ғимаратында перзентханадан бөлек, әйелдер консультациясы, жүктiлiк патологиясы мен неонатология және жансақтау бөлiмi бар. Перзентханада 202 маман жұмыс iстейдi, оның iшiнде 28 дәрiгер, 43 орта медицина қызметкерi.

Мекеме базасы заманауи аппараттар мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз етiлген. Өткен жылы арнайы сараптамалық кластағы ультрадыбыстық аппарат пен жоғары жиiлiктi тербелмелi жасанды желдеткiш аппарат (ЖЖҚ) сатып алынған.




Бұл аппарат жаңа туған нәрестелердiң тыныс алуын қолдауды қамтамасыз етедi және әдеттегi жасанды желдету тиiмсiз болған жағдайларда қолданылады. Әсiресе, ол өте аз салмақты туылған сәбилердiң өкпелерiн ашып, оны қалыпты жұмыс жасатқызу үшiн аса қажет.

Бiлiктi мамандар мен жақсы аппараттардың арқасында бүгiнде аудандық перзентханада нәресте өлiмiнiң саны айтарлықтай азайған. Анығырақ айтқанда, соңғы көрсеткiштер бойынша жемiстi жұмыс нәтижесiнде сәби өлiмi 60 пайызға азайған.

## «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы

ҚР Тұңғыш Президентiнiң «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы 2017 жылы 1 желтоқсанда ашылып, халыққа рухани қызмет етiп келедi. Тарихи-мәдени орталықтың мақсаты – Тәуелсiз Қазақстан Республикасын нығайту жолындағы оның алғашқы Президентi Нұрсұлтан Назарбаевтың дара жолын насихаттай отырып, халыққа мәдени және рухани қызмет көрсету. Орталық қазiргi бiлiм мен ғылымдағы талаптарға сай кең ауқымда жұмыстар жүргiзiп келедi.




«Атамекен» тарихи-мәдени орталығында Нұрсұлтан Әбiшұлының балалық шағынан бастап, тұлға болып қалыптасқандығына дейiнгi кезеңдерден мәлiмет беретiн әртүрлi экспонаттардан тұратын төрт экспозициялық зал жұмыс iстейдi. Бiрiншi залы бала Нұрсұлтанның балалық шағы, мектептегi кезi, студенттiк және ең алғашқы еңбек жолына арналған. Екiншiсi экспозициялық зал тәуелсiздiктiң қалыптасуындағы ең басты саяси қадамдар мен Қазақстанның даму динамикасын көрсетедi.

Орталықтың үшiншi залында Қазақстан Республикасының әлеуметтiк-экономикалық дамуы жолдары баяндалады. Ал төртiншi залда Қазақстан Республикасының ТМД және алыс-жақын шетелдiк елдермен саяси аренадағы жетiстiктерi дәрiптеледi.

Орталықтың ауласындағы панно қазақ халқының тарихынан сыр шертедi. Паннодан ежелгi дәуiрден бастап қазiргi кезеңге дейiнгi қазақ халқының жүрiп өткен жолынан мол мағлұмат алуға болады. Сонымен қатар аулаға музейге келушiлер тамашалау үшiн Тұңғыш Президенттiң 2001 жылы мiнген көлiгi қойылған.

«Атамекен» орталығы ашылған күннен бастап халыққа үздiксiз қызмет көрсетiп келедi. Келушiлерге орталықты тек таныстырып қоймай, жұмыс жоспары бойынша әртүрлi тақырыпта мәдени шаралар, тақырыптық дөңгелек үстелдер, көшпелi қор көрмелерi, мектеп оқушыларына музейлiк сабақтар өткiзiп, өзге музейлермен әрiптестiк қатынас орнатылған.

# «Ushqonyr» спорт кешені




Қарасай ауданында спорттық саланың жандануы бағытында бой түзеп, халықтың игілігі үшін қолданысқа берілгендердің қатарында Шамалған ауылдық округінің солтүстік-батысында орналасқан «Úshqońyr» спорт кешені бар. Бұл нысан ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей бастамасымен бой көтерген

2019 жылдан бері жұмысын бастаған орталықтың шәкірттері осы уақытқа дейін әлемдік, халықаралық, республикалық сияқты талай жарыста дара көрініп, ауданның және облыстың абыройын арттыруда. Оқушыларымен оза шапқан бұл орталыққа ашылғалы бері белгілі Дәурен Төлеген жетекшілік етіп келеді.

Спорт мектебінде жасөспірімдердің шынығуына толықтай жағдай жасалған. Сонымен қатар көптеген игі шаралардың өтуіне де атсалысып келеді.

Шәкірттерін шыңдауды мақсат еткен спорттық ұжымда көптеген білікті жаттықтырушы табанды еңбек етуде. Мұнда болашақ чемпиондар олимпиадалық (еркін күрес, дзюдо, бокс, волейбол, жеңіл атлетика, таэквондо, футбол, үлкен теннис, жүзу, бадминтон) және олимпиадалық емес (тай боксы, қол күрес, шахмат, самбо, қазақ күресі, баскетбол) спорт түрімен шұғылданып келеді.

«Úshqońyr» спорт кешенінде жаттығамдеушілердің саламатты өмір салтын ұстануына барлық жағдай қарастырылған. Мәселен, келушілердің денсаулығын қадағалайтын медициналық бөлмелер мен дене қыздыруға арналған сауналарды ерекше айтсақ болады. Одан бөлек, 450 адамға лайықты етіп тұрғызылған стадионда төрт жолақты жүгіру жолдары мен стрит-воркаут алаңдары спортшы жандарға арнайы жасалынған. Біздің жоғарыда айрықша атап көрсеткендей, көптеген спорт түрлеріне қатысты залдар мен арнайы бөлмелердің барлығы заманауи, соңғы стандарт үлгіде жабдықталған. Сондай-ақ көптеген спорттық жарыстар мен іс-шаралардың алдын ала ұйымдастырылуына, талқылануына байланысты конференция залдары спорт кешенінің бірден-бір ерекше орындары деуге болады.

# «New York Film Academy Kazakhstan» киноакадемиясы




Қарасай ауданы қол жеткізген тағы бір үлкен жетістік – әлемге әйгілі америкалық «New York Film» киноакадемиясының Орталық Азиядағы алғашқы кампусы оның аумағында ашылуы.

Energo University мен Dala Edge креативті паркінің базасында құрылған жаңа филиал АҚШ-тан тыс жерлерде ашылған үшінші кампус және Қазақстандағы әлемдік деңгейдегі тұңғыш шығармашылық университет болып табылады.

Айта кетейік, аталған академия ашу бағытындағы жұмыстар екі жылға жуық уақыт жүргізілді. Нақты айтқанда, 2024 жылы Қаскелең қаласында жаңартылатын энергетика, атом энергетикасы, климаттық технологиялар, жасанды интеллект, робототехника, кино, анимация және ойындар сияқты жаңа бағыттарда маман дайындауға мүмкіндік беретін Алматы энергетика және байланыс университетінің жаңа кампусы салынған болатын. Оның базасында шығармашылық индустрия паркі ашылды. Сондай-ақ Energo University мен Нью-Йорк киноакадемиясы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Соның аясында Energo University мен Dala Edge креативті паркінің базасында әлемге әйгілі «New York Film Academy» (NYFA) Қазақстандағы алғашқы филиалын ашу жұмыстары басталды. Аталған бастаманың нәтижесінде таяуда «New York Film Academy Kazakhstan» корпусының ресми ашылу рәсімі өтті.

15 гектар аумақта орналасқан 1000 шаршы метрлік қазақстандық кампуста кітапхана, дәріс оқитын залдар, дыбыс және монтаж студиялары, шығармашылық кеңістіктер бар. Студенттер режиссер, актер, сценарист, дизайнер және визуалды эффект бағытында білім алады.

Білім беру бағдарламасы тәжірибелік курс ретінде түзілген: идеядан бастап сценарий жазу, түсірілім, монтаж және көрсетілімге дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. Бағдарламаға қысқаметражды жобалар, режиссерлермен шеберлік сағаттары және жеке менторлық қолдау кіреді. Түлектің дипломдық фильмі оның портфолиосына дайын жұмыс ретінде еніп, түрлі фестивальдерге қатысуға мүмкіндік береді.

Академияда студенттерге сабақты Голливуд пен Нью-Йорктен келген 10 NYFA кәсіби дәріскерлері жүргізеді.

Жаңа кампуста осы аптадан бастап 60 жас кинематографист оқуын бастады, олардың ішінде 11 студент толық грант, 21 студент жартылай грант иегері. Гранттық бағдарламаға 120-дан астам өтінім түскен, ал студенттердің қатарында төрт шетелдік бар.

Сонымен қатар филиалда саланың жұмыс істейтін мамандары үшін қысқа мерзімді оқу бағдарламалары (төрт және сегіз апта) жүргізіледі.

# Береке ауылының Мәдениет үйі




Елтай ауылдық округіне қарасты Береке ауылында 2020 жылы Мәдениет үйі қолданысқа берілді. «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы аясында қайта жаңғырған ауылдағы өнер ошағы елтайлықтардың игілігі үшін қызмет етуде.

Өткен ғасырдың 70-жылдары «Жетісу» кеңшарының қаражатына салынған сәнді де салтанатты ғимарат, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары елімізде орын алған қиындықтарға төтеп бара алмай, өз жұмысын тоқтатқан болатын. Сол уақыттан кейін аталған нысан жекеменшіктің иелігінде болғанын айта кеткен жөн. Жергілікті тұрғындардың арнайы өтініші негізінде, өнерпаздардың ордасы Қарасай аудандық әкімдіктің ұсынысы арқылы Алматы облысы әкімдігінің ықпалымен мемлекеттің иелігіне өтті.

Жоспарлы түрде қажетті қаражат игеріліп, бұл ғимараттың күрделі жөндеу жұмыстары 2020 жылдың 11 мамырында басталып, бірінші желтоқсанында аяқталды. Тапсырыс беруші Қарасай аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі болса, көлемі 2318,96 шаршы метрді құрайтын мәдени ошақтың қайта жанданып, бой көтеруіне «ПМК-615» ЖШС толығымен жауапты болды.

28 жылдан кейін қайта жанданған Береке ауылдық Мәдениет үйі руханимәдени орталыққа айналды. Бұл нысанның пайдалануға берілуі ұзақ уақыт бойы осы мәселенің шешімін күтіп жүрген Елтай ауылдық округінің тұрғындары үшін ең үлкен қуаныштың бірі болды.

# «Молл Апорт» сауда-ойын-сауық кешені




Қарасай жерінде орналасқан ең ірі сауда орталықтарының бірі – «Молл Апорт» сауда-ойын-сауық кешені. Ол Қарасай ауданына қарасты Іргелі ауылдық округі арқылы өтетін «Алматы-Бішкек» күре жолының 14-ші шақырымында орналасқан. Орта Азия елдерінде теңдесі жоқ алып кешенге 23 млрд. 450 млн. теңге инвестиция тартылып, 2009 жылы алғашқы кезеңі пайдалануға берілген болатын.

Жалпы аумағы 210 000 шаршы метр болатын кешенде 200-ден астам дүкен, 7 кинозалы, 2 аквапарк және 5000 автокөлік қойылатын тұрақ бар. Мұнда бүгіндері 4 мыңға жуық жұмыс орындары ашылып, күніне 25 мың адамға қызмет көрсетіледі. Осының барлығы Алматы қаласы мен облыс тұрғындарына және қонақтарға отбасымен бірге демалып, сауда жасап, уақыттарын көңілді өткізуге мүмкіндік береді.

«Молл Апорт» сауда-ойын-сауық кешенінде еліміздегі алғашқы ірі азық-түлік гипермаркеті – «Рамстор гипер» сауда белгісі, жетекші ұлттық «Технодом» электроника желісі, әлемге әйгілі Koton, New Yorker, Детский мир, Kari, CCC, Incity, Reebok, Bluelnc, Adidas, Climber, Adilisik, Твое, DeFacto, U.S.POLOASSN, LC Waikikki, More&More, Спортмастер, Plato, ECCO, Clarks, Geox, Terranova, Mango, Promod, Chester, OGGI, Sela, FinnFlare, O”stin, Deloras, Foxwomen&men сияқты компаниялар ерлер мен әйелдерге және балаларға арналған тауарларын жұртшылыққа ұсынады. Мұндағы жеті «Star Sinema» 3D кинозалында бір мезгілде 1300 адам көркемфильмдерді тамашалай алады.

Балаларға арналған «Funky town» ойын-сауық қалашығы, жылдың төрт мезгілінде қызмет көрсететін «Hawaii» аквапаркі, әлем елдерінің аспаздық тағамдарын ұсынатын The Noobles, KFC, Buger King, Hawaii, Bar&Grill, Istanbul, Pizza, Italiano, Toasters, Cakyra, Alladin, Profiterole, Pizzburg, Kazan, Fresh Timt, Bonape сияқты аспаздық маркалар орналасқан.

«Молл Апорт» кешенінің үшінші кезеңінің ашылуымен тұтынушыларға көрсетілетін қызмет ауқымы да молая түскен. Бүгінде Алматы қаласы мен Алматы облысының тұрғындарына және қонақтарға Қазақстандағы ең үлкен «Магнум» есігін айқара ашты.

Еліміздегі ірі ойын-сауық-сауда кешені жаңа жобаларды үнемі қолдап отырады. Осылайша, кешеннің айналасында 5 гектар аумақты қамтитын мәдениет және демалыс саябағы ашылмақшы. Бұл саябақта спорт алаңдары, демалыс аймағы, жасанды көл мен ашық театр алаңы бой көтеріп, тұрғындардың отбасымен демалуына мол мүмкіндік жасалынады..

# Қаскелеңдегі Өнер мектебі




2025 жылдың наурыз айында аудан орталығының тұрғындары ұзақ жылдар күткен Өнер мектебінің құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл маңызды оқиға ауданның мәдениет пен өнер саласында жаңа бастамалардың негізін қалауға бағытталған қадам болып табылды.

Үш қабатты жаңа өнер ошағының жалпы аумағы 0,1937 гектарды, ал ғимаратының көлемі 5218 шаршы метрді құрайды. Мекемеде штат бойынша 64 мұғалім жұмыс істейді. Олардың барлығы арнайы өткізілетін конкурс нәтижесі бойынша алынады. 300 орынға арналған өнер ордасы 530 оқушыны қабылдай алады. Ауданның жас таланттары мұнда домбыра, шертер, қыл қобыз, сырнай, гитара, ән терме, дәстүрлі ән, фортепиано, саксафон, цирк өнері сияқты 17 бағытта қабілеттерін шыңдайды.

Жаңа өнер ордасын ашу үшін сонау Кеңес Үкіметінен келе жатқан ДОСААФ-тың ескі ғимараты жандандырылды. Бұл мәселе бұрыннан бері қаралып келген еді. Алайда кезінде аталған нысанның 2013 жылдары «Отан» Республикалық қоғамдық бірлестігінің теңгерімінен «Түлек AKG» ЖШС-не өтіп кеткендігіне байланысты талай уақытқа дейін бұл мәселе шешілмей жүрді. Осыған байланысты біраз жыл ауданаралық және облыстық сотта процестер жүргізілді.

Тек 2024 жылы Алматы облыстық ауданаралық экономикалық сотының шешімі бойынша Қарасай ауданы білім бөлімінің арызы орынды болып табылған. Осылайша, ДОСААФ-тың ғимараты толықтай мемлекеттің иелігіне қайтарылып, бюджеттен қаражат бөлініп, тоқтатылған жөндеу жұмыстары қайта жандандырылды. Ал ағымдағы жылдың басында құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, Қарасай ауданындағы екінші мемлекеттік Өнер мектебі ретінде ашылды.

Тағы бір осындай өнер мектебі 2023 жылы Жандосов ауылдық округіне қарасты Шалқар ауылында да қолданысқа берілген еді. Екі қабаттан тұратын мектеп 350 оқушыға арналған. Мұнда да жас өнерпаздар 17 бағытта қабілеттерін шыңдай алады. Атап айтқанда, фортепиано, домбыра, шаңқобыз, қолөнер, актерлік шеберлік сияқты өнердің түртүрін үйренулеріне мүмкіндіктері бар. Онда тек Шалқар ауылындағы оқушылар ғана емес, жақын маңда орналасқан басқа елді мекеннің балалары да білім алады.

Айта кетейік, бұл мемлекеттік мекемен ашу үшін де аталған елді мекендегі М.Ломоносов атындағы орта мектептің ескі ғимараты қолданылған. 2017 жылы ауылға жаңа орта мектеп салынған соң, тозығы жеткен нысан жекеменшікке өткен. Алайда ол 2023 жылы аудан әкімінің ықпалымен мемлекеттің иелегіне қайтарылып, аудандық білім бөлімінің балансына берілді. Тиісті жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Алматы облысы әкімінің қаулысымен Шалқар ауылының өнер мектебі ретінде ел игілігіне берілді.

Беттерді дайындағандар – Дидар МӘЛІКҰЛЫ, Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ.

ӘЛЕУМЕТ

# Бала көңілі бәрінен қымбат



Балалық шақ – адам өмірінің маңызды кезеңі. Сондықтан кез келген бүлдіршіннің балдәурен шағы еш алаңсыз, уайымсыз және қуанышқа, шат-шадыманға толы өтуі тиіс. Әрине, ол үшін алдымен ата-ананың, жақын жандардың атқаратын рөлі зор. Одан бөлек мемлекеттің назар аударуы да маңызды.

Бұл тұрғыдан алып қарағанда Қарасай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тарапынан тиісті жұмыстар атқарылуда. Анығын айтар болсақ, аталған бөлімге қарасты Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі ерекше бүлдіршіндерге қамқорлық танытып келеді. Әрбір баланы әлеуметтік жағынан қолдауға, физикалық ой-өрісінің дамуына және ақыл-ойының кемелденуі үшін демеушілердің көмегімен түрлі іс-шара ұйымдастырып, ерекше көңілді кештер өткізуді ұмыт қалдырған емес. Ал мұндай жұмыстардың жүйелі түрде жүзеге асуына жоғарыда аталған бөлімнің басшысы Әлия Қыйлыбаева үнемі қолдау білдіріп жүретінін айта кеткен жөн.

Жалпы айтқанда, біздің бөлімшенің тіркеуінде тұрған балалардың бәрі қамқорлық қанатында екенін айтқым келеді. Әрбір жас жеткіншек Балаларды қорғау күнін ғана емес, басқа да мерекелік күндердің маңыздылығын ұғынып, әлеуметтік қызметкерлердің жан жылулығын сезініп келеді.

Осы уақытқа дейін ерекше балалардың көңілдері үшін түрлі шара ұйымдастырылса, солардың басы-қасында үнемі қолдау білдіріп жүрген жандар жетерлік. «Жақсының жақсылығын айт» дегендей, бұл ретте жомарт жүректі кәсіпкерлер мен бірнеше мекеме ұжымының көмектерін айрықша атап өтуге болады. Солардың ішінде «Тауекел-Н-Алғабас» ЖШС-нің директоры, Алматы облысының мәслихат депутаты Рүстем Өтембаев, «Айна GOLD» алтындар желісінің басшысы Айна Аханқызы, «Qoraz_chicken» кафесінің иесі Азамат Жетесов, Жібек жолы ауылдық округінің әкімі Дидар Нұрақынов, «Еркінай тәттілері» кондитері, «Алатау» сауда үйі, Жібек жолы ауылындағы «Керемет» мейрамханасы, «Жақын жандар» орталығы, сондай-ақ Әлия Тұрымбетова, Қанат Бектілеуұлы, Рамазан Қаһар сияқты демеуші жандар балаларды қуанту жолындағы әрбір бастамамызға қолдау білдіріп, өз өнімдерін тегін ұсынып, қаржылай игі істерге себепші болып келеді. Одан бөлек біздің жұмысымызды фото-видео нұсқада әрлеп, естелік ретінде таспалап жүретін мобилограф Мағжан Перменовтың көмек-қолдауын айрықша айтуға болады. Міне, осындай кең жүректі, атымтай азаматтардың барлығына бөлімшенің атынан шексіз алғысымызды білдіреміз.

Айта кетейік, осы аптаның бейсенбісі күні күз мерекесіне орай тағы бір шара өтті. «Жүректен жүрекке» деп аталатын балалар фестивалінде бүлдіршіндер өз өнерлерін ортаға салып, сурет салып, түрлі ойындарда бақ сынады. Өнерлі жас өрендердің еңбектері бағаланып, оларға мақтау қағаздары берілді. Міне, бұл шараға да жоғарыда аталған демеушілердің біразы қолдау білдіріп, балалардың қуануына себепші болды. Мұндай ерекше шаралар алдағы уақытта әлі де жалғасын табады.

Біз үшін бала көңілі бәрінен қымбат. Олардың бақытқа толы балдәурені есте қаларлықтай өтуі тиіс. Бұл мақсатта әріптестеріміз еңбек етуден жалықпайды. Жұмыла атқарылатын жұмысымыз жемісті түрде жалғаса береді дегіміз келеді.

**Сәуле МАМЫТБАЕВА,**
**әлеуметтік қызметкер.**

ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ

# Сот жүйесіндегі жаңашыл жобалар

Қазақстанның сот жүйесі қоғам талабына сай жаңарып, әділдік пен ашықтық қағидаттарына сүйене отырып дамып келеді. Соңғы жылдары азаматтарға сот төрелігін қолжетімді етуге бағытталған бірқатар маңызды жобалар іске асырылды.

«Сот кабинеті» – сотқа жүгінудің жаңа мүмкіндігі. Бұл цифрландыру – сот жүйесіндегі басты жаңашыл бағыттардың бірі. «Сот кабинеті» ақпараттық жүйесінің арқасында азаматтар сотқа арыз-шағымдарын онлайн түрде тапсырып, істерінің қозғалысын электронды форматта бақылай алады. Ол қағазбастылықты азайтып, процестердің жедел әрі ашық өтуіне жол ашты. Сондай-ақ бейнебайланыс арқылы қашықтан өтетін сот отырыстары шалғай өңір тұрғындары үшін ыңғайлы болды.

Келесі жаңашылдықтың бірі – медиация институты.

Дауларды сотқа жеткізбей шешуге мүмкіндік беретін медиация бүгінде қоғам өмірінде маңызды орын алды. Бұл тәсіл азаматтардың өзара түсіністікке келуіне, татулықты сақтауға және соттардың жүктемесін азайтуға ықпал етуде. Әсіресе, отбасылық және еңбек дауларын шешуде медиация тиімділігін дәлелдеп келеді.



Сот жүйесіндегі тағы бір маңызды жаңалық – кассациялық соттардың жаңа форматы. 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап елімізде кассациялық соттардың жаңа құрылымы өз жұмысын бастады. Енді Астана қаласында азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша жеке кассациялық соттар қызмет атқарып жатыр. Бұл реформа сот сатыларының тиімділігін арттырып, істердің әділ қаралуына және азаматтардың құқықтарын қорғауға жаңа серпін берді.

Бүгінгі сот жүйесіндегі жаңашыл жобалар – уақыт талабы мен қоғам сеніміне жауап беретін нақты істер. Сот кабинеті, медиация және кассациялық соттардың жаңа форматы сот төрелігінің тиімділігін арттырып, әділдікке жол ашты. Бұл реформалар құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

**А. МАХАМБЕТОВА,**
**Қарасай әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы.**

ПРОТИВОСТОЯ СОЦИАЛЬНОМУ ЗЛУ

# Что такое коррупция простыми словами?

**Коррупция – это обширный термин, который служит для определения процесса злоупотребления государственной властью в целях получения личной выгоды. Само слово произошло от латинского «corrumpere», то есть растление, разложение, подкуп, продажность, порча**.

Простыми словами коррупция – это злоупотребление властью или служебным положением для получения личной выгоды. Она может проявляться, как получение или дача взяток, использование государственных денег или ресурсов в личных целях, а также иное незаконное применение своих полномочий вопреки интересам общества и государства.

**Виды основных коррупционных преступлений:**

- Злоупотребление властью: должностное лицо использует свою должность и связанные с ней возможности для личной выгоды.

- Получение выгоды: это могут быть деньги, ценности, имущество или другие преимущества.

- Незаконность: действия коррумпированного лица нарушают закон и законные интересы общества и государства.

- Разнообразие форм: коррупция проявляется по-разному, включая:

а) взяточничество (дача и получение взяток);

б) злоупотребление полномочиями;

в) нецелевое использование средств;

г) коммерческий подкуп.



**Вместе с тем известны следующие виды коррупции:** мелкая и крупная, взяточничество, лоббизм, фаворитизм и непотизм, восточная и западная, коррумпированность в государственных и негосударственных организациях, низовая, верхушечная, вертикальная, политическая и экономическая, внутригосударственная и международная, административная, деловая, бытовая, захват бизнеса, скупка государства.

Проанализировав их, делаем выводы: коррупция может существовать как на низком и высоком, так на местном и государственном уровнях.

**По субъекту и характеру организованности коррупция бывает:**

1. индивидуальная, то есть исходящая от одного человека;

2. сетевая, клановая, групповая, то есть действия организованы в рамках определенной группы, семьи или сети.

3. зависимая от субъективной направленности, то есть взятка может быть индивидуальной, предпринимательской или криминальной.

Причин для существования и процветания коррупции существует огромное множество. Достаточно сложно привести абсолютно все аспекты возникновения данного явления. Тем не менее, основные из них практически всегда находятся на поверхности. Это могут быть жадность; низкий уровень личной этической ответственности; отсутствие независимого органа по борьбе с коррупцией, отчетности, компетентных и независимых судов.

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что коррупция – это действительно важнейшая проблема, которую невозможно побороть без активного участия всего общества. От того, как каждый гражданин реагирует на проявление коррупционных действий, зависит обстановка в государстве в целом. В идеале каждый человек обязан пресекать любые проявления взяточничества всеми доступными и, что самое важное, законными методами.

***Жанна СЫЗДЫКОВА,***
**главный специалист отдела МСЭ №2 г. Каскелен.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

# Жұмыссыз азаматтарға лайықты қызмет ұсынылады

Бүгінде еңбек нарығындағы тұрақтылық пен халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі. Осы мақсатта еліміздің әр өңірінде қызмет ететін мансап орталықтары азаматтарға бірқатар маңызды мемлекеттік қызмет түрлерін ұсынады.



Мансап орталығы – жұмыссыз азаматтарға, аз қамтылған отбасыларға және жұмыс берушілерге арналған жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау саласындағы негізгі байланыс алаңы. Орталықтың басты мақсаты – халықты еңбекке тарту, әлеуметтік әл-ауқатты арттыру және өздігінен табыс табуға мүмкіндік жасау.

Мансап орталығының ұсынатын мемлекеттік қызметтерінің бірі – азаматтарды жұмыс іздеуші ретінде тіркеу. Бұл қызмет Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Кодекстің 98-бабына сай, еңбек етуге қабілетті, бірақ табысты жұмысы жоқ азамат мансап орталығына жүгінген сәттен бастап жұмыс іздеуші ретінде тіркеледі.

Осы кезеңде орталық мамандары азаматқа кәсібіне, біліміне және тәжірибесіне сәйкес лайықты жұмыс нұсқаларын ұсынады. Егер ұсынылған жұмысқа үш жұмыс күні ішінде орналаса алмаса, азаматқа «жұмыссыз» мәртебесі беріледі.

Жұмыссыз мәртебесін алған тұлға бірқатар әлеуметтік қолдауға құқылы. Атап айтқанда, ол жаңа жұмыс орындарына тұрақты жұмысқа орналаса алады, ҚР Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде белсенді шараларға қатыса алады және жұмыссыздық бойынша әлеуметтік төлем алу құқығына ие болады.

Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы азаматтарға Міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры арқылы төленеді. Бұл жәрдемақының мөлшері соңғы табысына және әлеуметтік аударымдарға байланысты есептеледі.

Мансап орталығының мамандары азаматтарға қажетті кеңес беріп, құжаттарды рәсімдеуге, «Еңбек.kz» порталы арқылы онлайн өтініш тапсыруға көмектеседі. Мұндай кешенді қолдау әрбір азаматтың еңбек нарығында өз орнын табуына және әлеуметтік тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Мансап орталығы – тек жұмыс табу немесе әлеуметтік көмек рәсімдеу орны ғана емес, азамат пен мемлекет арасындағы сенімді көпір. Мұнда әрбір адамға жеке көзқараспен қарап, нақты жағдайына сай шешім қабылдауға бағытталған кеңес беріледі.

**Ж. АМИРЖАНОВА,**
**Қарасай ауданы бойынша мансап орталығының еңбек нарығын талдаушысы.**

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚТЫҢ ИЕСІ

# Өз ісінің шебері, әмбебап маман

2020 жылдың 22 қазанында өткен Ұлттық қоғамдық сенім Кеңесінің IV отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Оқуға деген қызығушылық, кітап арқылы қоршаған әлемді тану балаларда мектеп қабырғасынан қалыптасуы керек. Кітапхана осы қызығушылықтың орталығы, кітаптардың қызықты әлеміне жетелейтін орын болуы қажет» деген болатын. Кітапхана – мектеп оқушылары мен ұстаздар үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда. Кітапхана ақпарат және білім орталығы ретінде ақпаратты беру мен табу, іздестіру жолдарын білуде кітапханашы мамандар бірінші кезекте, жоғары ақпаратты біліммен қаруланған, өз ісінің шебері, әмбебап маман болу керек.



Эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін демдеп беріп отырған, ой-өрісі кең, жан-жақты, білімді, парасатты кітапханашылардың орны өзінше бір бөлек. Осы тұста оқушылардың кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында тынбай қызмет атқарып жүрген Бұлақты ауылындағы бастауыш мектебінің кітапхана меңгерушісі Бағила Көкшегированың еңбегін ерекше атап айтқымыз келеді. Ол – өзінің жұмысын сүйіспеншілікпен орындайтын жақсы маман иесі.

